


Әлемнің мәні – Әйелде!



АТЫРАУ

Облыстық қоғамдық-саяси газет



www.atr.kz

Атырау газеті

// №10 (20 823) 7 НАУРЫЗ, 2024 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ //

@Atyrau.gazeti

atyrau_gazeti@mail.ru

// Құттықтау

Асыл әжелер мен ардақты аналар, аяулы әпке-қарындастар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Әлемді әлдімімен елітіп, тіршіліктің тұтқасы болған әйел-анада даналықтың кілті, ізгіліктің бастауы, шаңырақтың берекесі бар. Жер-жаһанның жылуын жанарына сыйғызған әйел болмысында шексіз мейірім мен мөлдір махаббат жатыр.

Нәзіктік пен қайсарлықтың мінсіз үйлесімін паш ететін Сіздерге деген құрметіміз қай кезде де асқақ. Абзал аналардың, тұрмыс пен қызметтің таразы басын тең ұстап, қоғамның сан саласында жемісті еңбек етіп жүрген қыз-келіншектердің қажыр-қайратына тәнті болудан жалықпаймыз.

Баршаңызды шуақты мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, баянды бақыт, сейілмес шаттық тілеймін! Жүрекке жылу, көңілге қуаныш сыйлайтын шақтар көп болсын!

Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі



Суретте: актриса Гүлнұр ҚАЙЫРЛИЕВА

// Мәселе

ТИІМДІ ТӘСІЛ неге жүзеге аспай келеді?



28 КҮНДІК ВАХТАЛЫҚ АУЫСЫМНЫҢ ӨЗІНДІК ҚИЫНДЫҚТАРЫ
БАР. БҰЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ ТИІМДІ
БОЛҒАНЫМЕН, БІР АЙ БОЙЫ ҮЙІНЕН ТЫСҚАРЫ, ОТБАСЫНАН
ЖЫРАҚТА, ӨНДІРІСТІҢ ҚАЙНАҒАН ОРТАСЫНДА ЖҮРГЕН
ЕҢБЕККЕРЛЕРГЕ ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ТУҒЫЗАДЫ. ОСЫДАН ЕКІ ЖЫЛ
БҰРЫН 130 МЫҢҒА ТАРТА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОСЫ ЖҮЙЕ БОЙЫНША
ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕКЕН.

(Соңы 3-бетте)

// Оқиға

Ажалдан арашалап қалды

5 НАУРЫЗ КҮНІ ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ ШАРОН
ӨЗЕНІ ҮСТІНДЕ БІР ӘЙЕЛ МҰЗ ОЙЫЛЫП СУҒА ТҮСІП
КЕТП, АЙҚАЙЛАП КӨМЕК СҰРАЙДЫ. СОЛ УАҚЫПТА
ЖОЛДАН ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ПОЛИЦЕЙЛЕР ОНЫҢ
ДАУСЫН ЕСТІГЕН БОЙДА, ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЖАСАҒАН.

Құрманғазы аудандық полиция бөлімінің патрульдік
полиция қызмет инспекторлары Шынтас Алисұлтан және
Батыржан Бақытұлы 32 жастағы әйел адамды дер кезінде

жағаға шығарып, алғашқы медициналық көмек көрсеткен.

Ауа райының қолайсыздығына байланысты мұз беттері
мен күрткі қардың астында, жағалауларда, жарқабақтар мен
жылғалардың құйылысы жұқарып, еруіне байланысты адам
өміріне қауіп тудыруда. Осы ретте, атыраулық құтқарушылар
ауа райының жылынуына байланысты мұзда жүру адам
өміріне аса қауіпті екенін ескертіп отыр.

Бек АЙДАРӘЛИ

// Қарулы күштер

Жігіт болсаң, әскерге бар!

КӨКТЕМП ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ.

– Отан алдындағы азаматтық борышты өтеу – үлкен
мәртебе. Ал, ата-аналардың алаңдамауына болады. Өйткені,
сарбаздардың ағайын-туысымен бейнебайланыс арқылы
сөйлесуі үшін барлық әскери бөлімшелер планшеттермен
қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, «Мерзімдік 2.0» бағдарламасы
бойынша әскерге шақыру бойынша қызмет өткергендер
еліміздің жоғары оқу орындарының біріне емтихан
тапсырусыз және ҰБТ-ға тегін негізде түсе алатынын атап
өткім келеді, – деді Атырау облысы қорғаныс істері жөніндегі
департамент бастығы, полковник Эльдар Шинғалиев.

Іс-шарада Атырау қаласының әскери-техникалық

мектебінің студенттері патриоттық әндерді орындап, әскерге
шақырылғандардың рухын көтерді.

«Ер адамдардың өмірі әскерге дейінгі және әскерден
кейінгі болып екі бөлікке бөлінеді. Әскерде олар қару-жарақ
пен әскери техниканы қолдану дағдыларын игереді. Қызмет
еткен жылы жас жігіттер ұзақ уақыт бойы байланыста
болатын көптеген достар табады» деді Қарулы күштердің
ардагері, запастағы полковник Сағидолла Рысқалиев.

Мерзімді әскери қызметте болған кезеңде несиесі
бар әскерге шақырылушылар уақытша несие төлеуден
босатылады.

Өз тілшіміз

// Дін мен діл

Рамазан – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ АЙЫ

БИҒЫЛ ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ 11 НАУРЫЗДА БАСТАЛАДЫ. АЛ СӘУІР АЙЫНЫҢ 5-ІНЕН 6-СЫНА ҚАРАҒАН
ТҮН – ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІ. 10 СӘУІР – ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІ. БАРША МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫ АСЫҒА
КҮТЕПІН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ? ОРАЗА ҰСТАУДЫҢ ҚАНДАЙ ҚАСИЕТІ БАР, МӘН-МАҢЫЗЫ
ҚАНДАЙ? БҰЛ ЖӨНІНДЕ БҰРЫН ДА АЙТЫЛЫП КЕЛЕ ЖАТЫР. БІРАҚ ОНЫ ИСІ МҰСЫЛМАННЫҢ ҚАПЕРІНЕ
САЛЫП ОТЫРҒАННЫҢ АРТЫҒЫ БОЛМАС.

(Толығырақ 8-бетте)